

## «Гидротехникалық құрылыс» кәсіби стандарты

### 1. Жалпы ережелер

1. «Гидротехникалық құрылыс» кәсіби стандарты білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға, соның ішінде кәсіпорындар қызметкерлерін оқытуға, білім беру мекемелерінің жұмысшылары мен түлектерін сертификаттауға, қызметкерлерді басқару саласы мәселелерінің кең тобын шешуге арналған.

2. Осы кәсіби стандартта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

біліктілік – жұмыскердің нақты еңбек қызметтерін сапалы орындауға дайындық деңгейі;

кәсіптік деңгей/біліктілік деңгейі – жұмыскердің қиындық, еңбек әрекеттерінің стандартты еместігінің, жауапкершілік және дербестік көрсеткіштері бойынша сараланбалы, дайындық және құзырет деңгейіне қойылатын талаптар жиынтығы;

біліктіліктердің ұлттық шеңбері (БҰШ) – еңбек нарығында танылатын, біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

біліктіліктердің ұлттық жүйесі (БҰЖ) - еңбек нарығы жағынан мамандар біліктіліктеріне сұраныс пен ұсыныстарды құқықтық және институционалдық реттеу механизмдерінің жиынтығы;

біліктіліктердің салалық шеңбері (БСШ) – салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

сала/негізгі топ – олар үшін шығарылатын өнімнің, өндіріс технологиясының, негізгі қорлар мен жұмысшылардың кәсіби дағдыларының ортақтығы тән, кәсіпорындар мен мекемелердің жиынтығы;

кәсіби топ – ортақ интеграциялық негізі (бірдей немесе ұқсас тағайындалу, объектілер, технологиялар, соның ішінде еңбек құралдары) бар және оларды орындау үшін еңбек қызметтері мен біліктіліктердің ұқсас жиынтығын болжайтын, кәсіби топшалар жиынтығы.

кәсіби топша – еңбек қызметтері және оларды орындау үшін қажетті біліктіліктердің тұтас жиынымен қалыптастырылған мамандықтар жиынтығы;

кәсіби стандарт (КС) – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік, құзыреттер деңгейіне, мазмұнға, сапаға және еңбек шарттарына қойылатын талаптарды анықтайтын стандарт;

кәсіп – арнайы дайындық нәтижесінде алынатын және білім беру туралы сәйкес құжаттармен расталатын, белгілі бір білімді, икемділік пен тәжірибелік дағдыларды талап ететін, адамның еңбек қызметінің негізгі түрі;

еңбек қызметі – еңбек үдерісінің бір немесе бірнеше тапсырмаларын шешуге бағытталған, өзара байланысты әрекеттер жиыны;

БТБА – Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

БА - Жетекшілер, мамандар және басқа қызметкерлер қызметтерінің біліктілік анықтамалығы.

## 2. КС төлқұжаты

3. КС атауы: Гидротехникалық құрылыс.

4. КС-ты әзірлеу мақсаты: Гидротехникалық құрылыспен айналысатын мамандар құзыретінің сипаттамасы.

5. КС қысқаша сипаттамасы: КС біліктілік дәрежесін талап етуді, мамандырылған білімді және гидротехникамен орындалатын жұмыстарды ұйғарады.

6. Жұмыс жіктеуіші бойынша бөлім: құрылыс.

Жұмыс жіктеуіші бойынша негізгі топ: құрылыс.

Жұмыс жіктеуіші бойынша кәсіби топ: Гидротехникалық құрылыстарды салу.

## 3. КС төлқұжаты

7. Кәсіптер тізімі:

гидротехник – БСШ-нің 4 біліктілік деңгейі;

Кәсіптер карточкалары осы КС-қа Қосымшада келтірілген.

	«Гидротехникалық құрылыс» КС-на 1 Қосымша
<b>КӘСІП КАРТОЧКАСЫ: «ГИДРОТЕХНИК»</b>	
Код:	3112 «Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс бойынша техниктер»
Кәсіп:	Гидротехник
Біліктілік деңгейі	КС-ң біліктілік деңгейі, Техник
4 деңгей	-
БСШ бойынша	Мамандық білімінің деңгейі

біліктілік деңгейі		
4 деңгей	Дағды тәжірибе, негізгі орта білім негізінде техникалық пен кәсіби білімі бар болғанда. Дағды тәжірибесіз жоғары деңгейдегі (қосымша кәсіби дайындық немесе <b>орта білімнен соң</b> ) техникалық пен кәсіби білімі бар болғанда.	
Еңбек қызметтері:	1) Дала, камералдық топографиялық, геологиялық, гидрогеологиялық, гидрологиялық зерттеулерді орындау немесе орындауға көмек көрсету. 2) Орнаған құрылыс жерінің, карьерлердің, табиғи мен жасанды құрылыс материалдардың дала және лабораторлық анализдерді орындау немесе орындауға көмек көрсету. 3) Қарапайым техникалық құжаттарды қазіргі стандарттарға сәйкес өңдеу мен рәсімдеу. 4) Су-шаруашылық объектілерінің құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау немесе орындауға көмек көрсету. 5) Жабдықтарды, құрылыс механизмдерді және машиналарды жөндеуге немесе жөндеуге көмек көрсету. 6) Гидравликалық, статистикалық, гидротехникалық есептеуді немесе есептеуге көмек көрсету; құрылыс пен жөндеу жұмыстарының өлшемдерін анықтау, олардың су-шаруашылық құрылыс жобаларының құрастырғанда экономикалық дәлелденуі.	
1 іскерлік міндеті Дала, камералдық топографиялық, геологиялық, гидрогеологиялық, гидрологиялық зерттеулерді орындау немесе орындауға көмек көрсету.	Икемділік тер мен дағдылар:	БСШ 4 Зерттеу объектілерін дайындау, Зерттеу объектілеріне анализ тәсілдерін таңдау, Зерттеу объектілерінің <b>классификациясы</b> . Қажетті сипаттамаларды және параметрлерді тіркеу, алынған қорытындыларды өңдеу. Бастапқы мәліметтерді, статистикалық есеп-қисаптардың мәліметтерін, ғылыми-техникалық ақпараттарды жинау, өңдеу мен жинақтау. Әдістемелік, нормативтік және мәлімет беруші құжаттармен жұмыс істеу.
	Білімі:	БСШ 4 Зерттеу объектілерінің физика-химиялық қасиеттері, зерттеу объектілер анализінің негізгі тәсілдері, зерттеу объектілерінің классификациясы. Параметрлерді өлшеу амал-тәсілдері, қабылдаудың, өңдеудің және мәліметтерді тапсырудың техникалық әдістері. Жобалаудың негізгі әдістері, техникалық стандарттар, техникалық жағдайлары мен басқа да жобалық құжаттарды өңдеу мен рәсімдеу жетекші материалдары.
2 іскерлік міндеті Орнаған құрылыс жерінің, карьерлердің, табиғи мен жасанды құрылыс материалдардың дала және лабораторлық	Икемділік тер мен дағдылар:	БСШ 4 Бастапқы мәліметтерді, статистикалық есеп-қисаптардың мәліметтерін, ғылыми-техникалық ақпараттарды жинау, өңдеу мен жинақтау. Әдістемелік, нормативтік және мәлімет беруші құжаттармен жұмыс істеу. Қажетті жоспарларды, қималарды, профильдерді, өткізетін жұмыстардың сипаттамасын құрастыру;

анализдерді орындау немесе орындауға көмек көрсету.		материалдарды графикалық рәсімдеу. Жұмыс орында еңбек күзетшілерінің және қауіпсіздік техникасының талаптарын орындау, өрт қауіпсіздігін, санитарлы-техникалық іс-шараларында және өндірістік аймақта, еңбек гигиенасының нормалары мен талаптарын орындау.
	Білімі:	БСШ 4 Далаларды өндіріп алу мен зерттеу жүргізу ережелері, материалдарды өндіру мен рәсімдеу. Математикадан, геодезиядан, геологиядан, гидравликадан және гидрометриядан негізгі білімдері.
3 іскерлік міндеті Қарапайым техникалық құжаттарды қазіргі стандарттарға сәйкес өңдеу мен рәсімдеу.	Икемділік тер мен дағдылар:	БСШ 4 Қарапайым техникалық есептеуді орындау. Қажетті ерекшеліктерді, диаграммаларды, кестелерді, графиктерді және басқа да техникалық құжаттарды құрастыру, өткізетін жұмыстардың сипаттамасы. Материалдарды графикалық рәсімдеу.
	Білімі:	БСШ 4 Техникалық спецификациясының және басқа да техникалық құжаттарды құрастыру ережелері. Техникалық стандарттар, техникалық жағдайлары мен басқа да жобалық құжаттарды өңдеу мен рәсімдеу жетекші материалдары.
4 іскерлік міндеті Су-шаруашылық объектілерінің құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау немесе орындауға көмек көрсету.	Икемділік тер мен дағдылар:	БСШ 4 Қажетті құрылыстық қоспаларды дайындау, қажетті құрылыстық материалдарды пайдалану, құрылыс-монтаждық жабдықтарды мен механизмдерді пайдалану.
	Білімі:	БСШ 4 Құрылыс материалдары, олардың қасиеттері мен техникалық сипаттамасы, техникалық жағдайлары мен басқа да құрылыс, жөндеу мен жамау жұмыстарын өткізетін материалдар, құрылыс-монтаж жабдықтарды мен механизмдерді пайдалану ережелері, құрылыс материалдарды, құрылыс конструкциядан, құрылыс өндіру технологиялардың, құрылыс машиналардың негізгі білімі.
5 іскерлік міндеті Жабдықтарды, құрылыс механизмдерді және машиналарды жөндеуге немесе жөндеуге көмек көрсету.	Икемділік тер мен дағдылар:	БСШ 4 Жабдықтар мен жүйелерді лабораторлық жағдайларда және объектілерде жөндеу, жөнге салу мен реттеу.
	Білімі:	БСШ 4 Жабдықтар құрылғысы, жабдықтар мен тораптардың жұмысындағы технологиялық режим, жабдықтар мен жүйелерді лабораторлық жағдайларда және объектілерде жөндеу, жөнге салу мен реттеу тәсілдері.
6 іскерлік міндеті Гидравликалық, статистикалық, гидротехникалық есептеуді немесе есептеуге көмек көрсету; құрылыс пен жөндеу	Икемділік тер мен дағдылар:	БСШ 4 Объектілерді пайдаланудың қажетті техникалық құжаттарды құрастыру, су-шаруашылық объектілері мен гидротехникалық құрылыстарды пайдалану нормаларын және талаптарын катал ұстану
	Білімі:	БСШ 4 Жобалаудың негізгі әдістері, Техникалық стандарттар, техникалық жағдайлары мен

жұмыстарының өлшемдерін анықтау, олардың сұрауашылық құрылыс жобаларының құрастырғанда экономикалық дәлелденуі.		басқа да жобалық құжаттарды өңдеу мен рәсімдеу жетекші материалдары. Есептеудің әр түрлі әдістері. <b>Правила составления технических спецификаций и другой технической документации;</b> техникалық стандарттар, техникалық жағдайлары мен басқа да жобалық құжаттарды өңдеу мен рәсімдеу жетекші материалдары. Математикадан, физикадан, теориялық механикадан, сызбалы геометриядан, гидравликадан, гидрологиядан, гидрометриядан негізгі білімі.
Жеке бас құзыретіне қойылатын талаптар	Қажетті мәліметтерді іздестіру. Командада жұмыс істеу.	
БСШ шеңберінде кәсіптермен байланыс		
<b>3. ҚС-тың техникалық сипаттамасы</b>		
Әзірленген:	«Human Capital Lead» ЖШС	
Нұсқа нөмірі мен шығарылған жылы:	1 нұсқа, 2014 жыл	
Болжамды қайта қарау мезгілі:	2017 жыл	